



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

  
Астана қаласы

№ 611К  
город Астана

### Аралық аттестация, қорытынды аттестация, емтихан барысында заңсыз ақша жинауға және бітіру іс-шараларын өткізуге жол бермеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9-бабын, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі №106-НҚ бұйрығын орындау, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қауіпсіздік пен қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ білім беру ұйымдарында «Заң мен тәртіп» идеологиясын нығайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары А.В.Король, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сапарбекова, директордың оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Мағауинге:

**1.1 2025-2026 оқу жылының аяқталуы, аралық аттестация, қорытынды аттестация мен бітіру емтиханы бойынша:**

- Оқу жылының аяқталуына байланысты аралық аттестация, қорытынды аттестация, бітіру емтихандары колледж тарапынан бекітілген оқу ғимараттары мен оқу аудиториялары, оқу шеберханаларында және академиялық күнтізбеге сәйкес қатаң тәртіппен өткізілсін.

- Аралық аттестация, қорытынды аттестация, бітіру емтихандары кезеңінде білім алушылардың құқықтарын қорғау, әділ бағалау және академиялық адалдық қағидаларын сақтау қамтамасыз етілсін.

- Кураторлар мен жауапты тұлғалар:  
емтихан барысын бақылап, заңсыз әрекеттерге жол бермеу үшін қосымша шаралар қабылдасын;

- бітіру емтиханын өткізуге байланысты кез келген қажеттіліктерге, соның ішінде бітіру емтиханына арналған барлық шығын материалдарын толық көлемде қамтамасыз етуге студенттер мен олардың заңды өкілдерінен ақшалай қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.

**1.2. Заңсыз ақша жинауға тыйым салу:**

Білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен ақшалай қаражат пен өзге материалдық құндылықтарды жинауға қатаң тыйым салынсын.

**1.3. Бітіру іс-шараларын өткізуге тыйым:**

2025-2026 оқу жылының аяқталуына байланысты кештер, банкеттер, автокортеждер, таңды қарсы алу, алау жанындағы іс-шаралар, мейрамханаларда,

кафелерде, банкет залдарында, асханаларда, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізілетін салтанатты іс-шараларды ұйымдастыруға жол берілмесін.

#### 1.4. Диплом табыстау рәсімі бойынша:

Түлектерге дипломдарды салтанатты түрде табыстау рәсімі тек колледж ғимаратында өткізілсін.

#### 1.5. Қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету бойынша

Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары А.В.Король, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сапарбековаға, директордың оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Магауиннің жетекшілік етуімен барлық оқу тобы кураторларына жауапты тұлғалар ретінде 2025-2026 оқу жылының аяқталуына байланысты іс-шараларды қатаң назарда ұстап, білім алушылардың тәртібін бақылау, құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттелсін.

2. Жауапты тұлғалар: директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары А.В.Король, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сапарбекова, директордың оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Магауинге:

Әр топ кураторларымен:

- Түлектермен жеке және топтық әңгімелер жүргізу;
- Заңсыз ақша жинау фактілерін болдырмау үшін ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Бітіру рәсімдерінің оқу орны ғимаратында өткізілуін қадағалау;
- Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жауапты тұлғалармен бірлесіп жұмыс атқару міндеттелсін.

3. Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары А.В.Король, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сапарбекова, директордың оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Магауин оқу тобы кураторлары, колледж педагогтері, білім алушылар және ата-аналар арасында заң талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін..

4. Бұйрық мазмұны колледждің ресми сайтында, ақпараттық тақталарда (жауапты тұлға Ж.Мырзабекова) және кураторлық сағаттарда жариялансын (жауапты тұлға Ж.Магауин).

5. Бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, колледждің әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі А.В.Корольге жүктелсін.

Негіздеме: Астана қаласы Білім басқармасының 2026 жылғы 19 мамырдағы № 1247 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға және бітіру іс-шараларын өткізуге жол бермеу жөніндегі шаралар туралы» бұйрығы

Директор

З. Клышбаева

Таныстым.

А.Король  
Г.Сапарбекова  
Ж.Магауин  
Ж.Мырзабекова  
20.05.2026